

Арқалы ақынның тартуы

Торғайлықтар үшін сен -
бас қаласың,

Торғайлықтар үшін сен -
астанасың,

Аңсап келсе- сусындар
саяжайсың,

Шаршап келсе - тынығар
баспанасың -

деп өзінің қаласына деген ерекше құрметін өлең жолдарымен жеткізген ақын, журналист, аудармашы Әбжан Әбілтаев арнайы сапармен Арқалыққа келіп кездесу кешін өткізуі жыр сүйер қауымды зор қуанышқа бөледі.

Жалпы, ақындардың қай-қайсысы да өлеңнің отымен кіріп, күлімен шығып, өлең үшін бесік тербеткен аналардай түн ұйқысын төрт бөліп жүреді. Әрине, ақынды Алладан кейін сарықатататын, қолдайтын туған жері, өсіп өнген ортасы міне, осы орайда шабытын шыңдаған, өлеңін ұйып тыңдаған еліне деген сағынышын ақын өзінің өлең жолдарымен жеткізеді. Ақынды ақын ететін туған жерінің сұлу табиғатын және оған деген ерекше сүйіспеншілігі. Кеш несі өзінің туып өскен мекені Сары-торғай туралы жырларын

Астана қаласының «Фили-

ант» баспасынан шыққан «Дүние жалған» жыр жинағына топтастырған.

Ақын өлеңдерінен оның бабалар дәстүріне, өмірде өзі араласқан замандастарына, ағайын-жекжат, дос-жарындарына деген алғаусыз адалдығы айқын көрінеді.

Шынайы шабылтан, терең тебіреністен туған жырларда адам мінезі, тұлға тағдыры орнықты оймен өріліп, өлеңге өзек болған ақын жүрегінен шыққан ерекше ілтипатын, сезім шынайылығын көреміз.

Ақын өлеңдерінен оның адуын мінезін танып, нағыз көкжал жырдың нақ өзі екенін түсінген замандасы ақын Жұмаш Сомжүрек «Нардай тұлғаң бар, Әбжан, ел жүгін қара нардай қайыспай көтеріп, талмай тарта бер дейміз. Өзің айтқандай елің сенен көкжал жырлар күтеді» - деген екен.

Автор №2 ОӘГК-на өзінің 20 данаға жуық кітаптарын сыйға ұсынды.

Осы сыйлығы үшін біздер үлкен алғысымызды білдіргіміз келеді.

Зайра
СЫҒАЕВА,
кітапхана қызметкері.

